

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2024 жылғы 24 мамырдағы № 14-22 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 32-6 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2024 жылғы 24 мамырдағы № 14-22 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімге 1-қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы

А. Рахметова

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының

2025 жылғы 17 қарашадағы № 32-6
шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының

2024 жылғы 24 мамырдағы № 14-22
шешіміне 1 қосымша

Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Реттік нөмірі	Коммуналдық қалдықтарды жинақтау объектісі	Есеп бірлігі	Коммуналдық қалдықтардың жинақталуының жылдық нормасы, м3
1	Абаттандырылған және абаттандырылмаған үй иелері	1 тұрғын	1,1

2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және басқа да осындай нысандар	1 орын	0,8
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,75
4	Балабақшалар, бөбекжайлар және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,57
5	Мекемелер, ұйымдар, кеңселер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,74
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 бару	0,8
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-алдын алу мекемелері	1 төсек-орын	4,6
8	Мектептер және басқа оқу орындары	1 оқушы	0,47
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да ойын-сауық орындары мен қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,5
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, казинолар, ойын автоматтары залдары, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,6
11	Мұражайлар, көрмелер	1 м2 жалпы ауданы	0,08
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,04
13	Спорт, би және ойын залдары	1 м2 жалпы ауданы	0,05
14	Азық-түлік және өнеркәсіптік дүкендер, аралас дүкендер	1 м2 сауда ауданы	0,68
15	Көшедегі сауда	1 м2 сауда орны	1,44
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, науалар	1 м2 сауда ауданы	0,62
17	Көтерме базалар, өнеркәсіптік, азық-түлік	1 м2 жалпы ауданы	0,4

	тауарларының қоймалары		
18	Тұрмыстық үйлер: халыққа қызмет көрсету	1 м2 жалпы ауданы	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	1 м2 жалпы ауданы	1,12
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	1 м2 жалпы ауданы	1,54
21	Дәріханалар	1 м2 сауда ауданы	0,57
22	Автотұрақтар, автокөлік жуу орындары, ЖҚС	1 көлік орны	4,2
23	Автошеберханалар	1 жұмысшы	5,4
24	Көлікжай кооперативтері, көлікжайлар, паркингтер	1 көлікжайға	-
25	Шаштараздар, сұлулық салондары	1 жұмыс орны	4,12
26	Кір жуу, химтазалау, тұрмыстық техниканы жөндеу, тігін ательесі	1 м2 жалпы ауданы	0,51
27	Аяқ киім, сағаттар, зергерлік бұйымдар жөндеу шеберханалары	1 м2 жалпы ауданы	2,25
28	Шағын жөндеу және қызмет көрсету (кілттерді дайындау және т.б.)	1 м2 жалпы ауданы	2,53
29	Моншалар, сауналар	1 м2 жалпы ауданы	0,67
30	Қала аумағында жаппай іс-шараларды ұйымдастыратын заңды тұлалар, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-